

Батыр рухына тағзым етті



Белгілі батыр, қолбасшы, Ресей империясының отаршылдық саясатына табанды қарсылық көрсеткен бабамыз Төлек Жәуке батырдың туғанына - 200 жыл. Осыған орай батырдың ұрпақтары ас беріп, құран бағыштап, баба ерлігін ұлықтады.

Жәуке НАЗАРҒҰЛҰЛЫ 1822 – 1904 жылдарда өмір сүрген, қазақтың хас батырларының бірі.

Орта жүз, арғын тайпасынан, төлек руынан шыққан. Осы төлек руының ұрпақтары бас қосып, теміржол вокзалы алдында орналасқан Жәуке батыр ескерткішіне жиналып, батырдың ерліктерін еске алып, баба рухына құран бағыштады.

Жәуке жастайынан өр мінезді, намысқой, дұшпанына қатал болып өскен. 1838 жылы Жәуке батыр Ресей империясының отаршылдық саясаты мен озбырлығына қарсы қазақ ханы Кенесары Қасымовтың көтерілісіне қосылып, Ақмола бекінісін басып алуда ерекше көзге түскен. Жәуке батырдың

басқаруымен әскери сарбаздары бекініске алғашқылардың бірі болып кірген. Кейіннен Ақтау, Ор бекіністерін басып алған. 1842 жылы Иман мен Жәуке батырлардың табандылығы мен сенімділігі арқасында Кенесары Қасымұлы Торғай жағалауында қыстап шығады. Кейіннен Кенесары ханның ордасы осы жерге көшірілді. Жәуке батыр Кенесары Қасымұлының сарбаздарының отаршылдармен қақтығыстарында Ресей үкіметінің жандайшабы Ахмет Жантөрин отрядына қарсы 1844 жылғы соғыста Ресей патшасының әскерлерімен бетпе – бет

шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Екатеринбург стансасына шабуыл кезінде ерекше көзге түскен. Халық қамын ойлаған батыр қара қылды қақ жарған әділдігімен, ақыл – парасатымен де ел құрметіне бөленген деген тарихи мәліметтер айтылды.

Кешегі өткен ерлердің, ұрпағы үшін жанын пидатқан батырлардың өмірі кейінгі ұрпаққа өнеге. Тек осы жолда жүйелі жұмыс жасап, тамыры терең тарихымызды түгендей білуіміз керек. Төлек Жәуке батыр ұрпақтары аталған бағытта өнегелі іс жасауды жоспарлап отыр. «Кенесары мен Наурызбайдың соңынан ерген ақ найзалы ерлердің қай – қайсысы да тарихқа алтын әріппен қашап жазуға лайықты жандар. Біз осы күнге дейін басқа идеология арнасында жас ұрпақты тәрбиелеп келдік. Ал, өзіміздің төл тарихымыз хақында, оның небір құпия сырлары төңірегінде кемшіндеу деректер берген кезіміз аз емес. Қазақстан Тәуелсіздік айдарын таққалы бері ел тарихын зерттеу, оны тың деректермен толықтыру мәселесінде шұғыл ша-

руалар қолға алынып келеді. Ол, әрине бір күнде бітер шару емес. Тарих өздігінен жазылмайды. Ол көп болып қолға алғанда ғана бітеді, ел игілігіне айналады. Осы тұрғыдан келгенде Кенесары – Наурызбай бастаған қозғалыс қаһармандары туралы деректер жиналып бітті деп айта алмаймыз. Құнды материалдар архив қазыналарында, тіпті, ел ішінде де жатуы мүмкін. Алдыңғы буын ағаларымыз бірталай еңбек жасап, бізге мол мұра қалдырып кетті. Соларды жинастырып, жүйелеу қажет. Халқымыздың төл тарихында Жәуке батырдың да ерлік істері мен халқына сіңірген еңбегі көрнекі орын алуға тиіс. Болашақта «Жәуке батыр» қоғамдық ұйымын құрып, бабамыздың еңбегін дәріптеп, деректі, көркем фильмдер, кішкентай бұлдіршіндерге арналған мультфильмдер топтамасын түсіруді жоспарлап отырмыз. Желтоқсан айында батыр бабамыздың 200 жылдық мерейтойына орай республикалық деңгейде ғылыми – тәжірибелік конференция өткізуді жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті батырдың шөпшегі Құралай ЖӘУКЕ.